



ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ДӘНЕКЕРІ

20 – 22 октября 2010 г. в рамках Года Германии в Алматы в Казахском национальном университете прошел Центральноазиатский конгресс «Образование в развитии». Инициаторами и организаторами конгресса выступили Институт им. Гёте (Казахстан), Институт им. Гёте (Узбекистан) и Казахский национальный университет им. аль-Фараби.

Год Германии в Казахстане

В работе конгресса приняли участие ученые, преподаватели, специалисты высшей и средней школы, эксперты в сфере образования из Казахстана, Узбекистана, Таджикистана, Кыргызстана, Беларуси, России, Германии, Швейцарии, стран ЕС.

Масштабное и многоплановое мероприятие – международный образовательный конгресс – впервые проходит в Центральной Азии и служит интеграции образовательных систем стран ЦА и Европы, адаптации образовательных программ условиям глобализации.

Образовательный конгресс реализует одно из важнейших направлений Стратегии Европейского Союза по Центральной Азии, принятой в 2007 году, – развитие сферы образования. Конгресс прошел в контексте и в соответствии с задачами государственной программы Республики Казахстан «Путь в Европу», принятой в 2008 году.

Образовательный конгресс показал возможности и потенциал ЦА в развитии образования, а значит и человеческого капитала, как это обозначено в Программе Председательства Республики Казахстан в ОБСЕ в 2010 году. Образовательный конгресс также реализовал задачу «третьей корзины» ОБСЕ и гуманитарного измерения ОБСЕ.

В ходе образовательного конгресса ученые и эксперты из Центральной Азии, Европы рассмотрели различные аспекты высшего и среднего образования. Они обсудили результаты образовательных реформ в своих странах за последние 20 лет и современные вызовы.

Более 200 участникам конгресса продемонстрировали образовательные проекты, реализующиеся при поддержке Европейского Союза в странах Центральной Азии и Европы, новая Образовательная Стратегия ЕС для Центральной Азии. Особое внимание было уделено развитию иностранных языков (на примере обучения немецкому языку), затронуты вопросы развития СМИ и подготовки специалистов в сфере международной журналистики, всеобщей истории. Особое внимание на конгрессе было уделено обмену опытом в становлении и развитии специальностей «международные отношения» и «регионоведения» в Казахстане. К слову, в этом году отмечается 15-летие факультета международных отношений КазНУ имени аль-Фараби.



22 қазанда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Болашақтың ғылымы» атты халықаралық ғылым және білім конгресі өтті. Конгрестің алғы сөзін бастаған Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов: «Постағдарыстық даму жағдайындағы ұлттық және инновациялық жүйенің тиімділігі білімнің және зерттеу жетекші орталықтарының қабілеттілігімен өлшенеді. Кең көлемдегі халықаралық әріптестіктің, табыстармен және алдыңғы қатарлы технологиялармен алмасу маңыздылығы артып келеді», – деген мазмұнды арқау еткен Елбасының қатысушыларға бағытталған хатын жеткізді. Сонымен бірге министр «Ғылым негізгі инновациялық экономика болуы керек» деп президент айтқандай, конгресті ұйымдастырудағы мақсат жоғары технология саласындағы әріптестікті дамыту, инновациялық секірісті қамтамасыз ету мәселелерін алға қоятындығын айтып, конгрестің маңыздылығын айқындап берді.

ынтымақтастықты дамыту, инновациялық серпілісті қамтамасыз ету, интеграциялық үдерістегі интеллектуалдық элитаның қызметін біріктіру, нық экономикалық өсуді қамтамасыз етуге арналған ғылыми және білім бағдарламалары мен технологияларын жетілдіру мәселелері қарастырылды. Осы орайда ҚазҰУ ректоры Мұтанов Ғалымқайыр Мұтанұлы:

– «Конгреске қызығушылық өте жоғары деңгейде өтіп жатыр. Себебі 25 елден 300 делегат келді. Конгресте қоғамдағы ғылымның рөлі барынша қарастырылуда. Сонымен бірге білім мен ғылымның байланысы, қарым-қатынасы және осы екіжақты байланысты әрі қарай дамыту мәселелері басты назарға алынды. Конгресте көтеріліп отырған жаңа бағыттардың бірі зерттеу университеттерін құру және оны әрі қарай дамыту. Бұл конгресс үлкен деңгейде бірінші рет өтіп отыр.

(Жалғасы 3-бетте)

Конгреске Еуразиялық Одақтың Қазақстандағы басшысы, елші Норберт Жустен, сенатор, Қаржы Комиссиясының вице-президенті, Франция Республикасы Президентінің Франция мен Орталық Азия арасындағы саяси және экономикалық қатынастарды дамыту жөніндегі арнайы өкілі Эмери де Монтескью Ферензака, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалымқайыр

Мұтанов және қазақстандық жоғары оқу орындарының ректорлары, Ұлттық Ғылым академияларының президенттері, Еуразиялық университеттер қауымдастығына мүше басқа да оқу орындары, ТМД мемлекеттерінің белгілі ғалымдары мен мамандары қатысты.

Университеттердің Еуразиялық қауымдастығы аясында өткен конгресте жоғары технологиялар саласындағы

санда: БҮГІНГІ

«Ана тілі» аруы анықталды



5-бет

ҚазҰУ-дың «Үздік жатақханасы»



6-бет

ҚазҰУ-дың Спорт клубына – 60 жыл



8-бет



■ Ректорат

Задачи нужно решать совместными усилиями

С приходом в КазНУ нового ректора Галимкаира Мутанова введен новый формат проведения заседаний ректората. Теперь еженедельно по понедельникам ректорат собирается в расширенном составе – с участием заведующих кафедрами, директоров НИИ, руководителей отделов. Новая практика встреч на ректорате позволяет регулярно заслушивать отчеты факультетов и подразделений, принимать быстрые решения со стороны руководства вуза. К слову, за короткий срок с момента прихода к руководству новый ректор успел уже побывать в общежитиях, осмотреть студенческий кампус, познакомиться с преподавателями трех факультетов международных отношений, исторического и философии и политологии.

На очередном заседании ректората, состоявшемся 25 октября, ректор ознакомился с деятельностью НИИ механики и математики (Данаев Н.Т.) и издательства «Қазақ университеті» (Асан А.Т.)

Кроме того, были заслушаны отчеты о заграничных поездках доцента кафедры казахского языка Тымболовой А.О. и старшего научного сотрудника НИИ экспериментальной и теоретической физики Досбалаева М.К.

Нынешний ректорат был отмечен особым событием – вручением сертификатов об аккредитации десяти образовательных программ КазНУ.

По запросу Казахского национального университета Международное Агентство по аккредитации образовательных программ в области инженерного дела, естественных наук и математики (ASIIN) провело аккредитацию образовательных программ бакалавриата и магистратуры.

1 октября 2010 г. на основании рекомендаций экспертов и технических комитетов аккредитационная комиссия Агентства ASIIN вынесла положительное решение об аккредитации образовательных программ сроком до 30 сентября 2015 года.

Сертификаты аккредитации ASIIN были вручены:

- декану биологического факультета Шалахметовой Тамаре Минажевне (по специальности «Биология»);
- декану географического факультета Сальникову Виталию Григорьевичу (по специальности «География»);
- декану механико-математического факультета Абдибекову Уалихану Сейдилдаевичу (по специальности «Математика»);
- декану физического факультета Алиеву Баходиру Азимджоновичу (по специальности «Физика»);
- декану химического факультета Буркитбаеву Мухамбеткали Мырзабаевичу (по специальности «Химия»).

Майра САГЫМБАЕВА

■ Әріптестік



Қазақстанда оқуға жиыны 158 ауған студенті келді, олардың арасында 77 студент әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінде білім алады. Олар университеттегі шетелдік азаматтарға арналған жатақханаға орналастырылды. Оларға мемлекеттік грант берілді.

- Студенттердің оқу барысы негізінен казак және орыс тілінде өтетін

ҚазҰУ-да Ауғанстан студенттері білім алады

Жақында ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Сыртқы істер министрлігі және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ қазақстандық ЖОО-дан білім алуға келген ауғанстандық студенттердің бірінші тобын қарсы алды. Жақын арадағы 5 жыл ішінде бір мың ауған азаматын Қазақстанның жоғары оқу орындарында мамандандыруға орай, 2009 жылдың қараша айында қол қойылған екіжақты үкіметаралық меморандум негізінде Ауғанстан студенттері Қазақстанға келіп отыр.

болады. Жоғары оқу орнына дейінгі дайындықта студенттер Қазақстан тарихы, математика пәндерімен қатар, өз мамандықтарына қарай физика, химия, биология, география, әдебиет, жалпы тарих сабақтарын да оқиды. Біздің студенттердің арасында 23-і инженерлік-техникалық мамандық бойынша, 9-ы гуманитарлық-педагогика, 15-і ауылшаруашылық, 5-еуі құқықтық тәртіп, 10-ы шекара жағдайларын күзету мамандықтары бойынша білім алатын болады, – дейді дайындық факультетінің деканы Жазира Молдағалиева.

Закир ХУСЕЙН (Ауғанстан):
– Бізді өте жылы құшақпен қарсы алып жатқандарыңызға қуаныштымын. Біз сіздерге сапалы жоғары білім алу үшін келдік. Мектеп түлектерімен қатар біздің арамьзда әртүрлі топтағы адамдар бар. Мәселен, мен әскери училищенің студентімін. Ауғанстанда өткен іріктеу барысында 361 студенттің ішінде 158 студент өттік. Дайындық факультетін оқып шыққаннан кейін сіздердің әскери академияларыңызға оқуға түскім келеді.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

■ Встреча

КазНУ посетил делегация Республики Польша

20 октября 2010 г. КазНУ имени аль-Фараби посетил официальная делегация Республики Польша. Польшкую делегацию представляли г-н Марек Гавенцки, профессор Университета им. Адама Мицкевича (г. Познань); г-жа Беата Лозиньска, Директор Департамента Экономики; г-н Анджей Стефаньски, 1-й Секретарь, начальник отдела содействия торговли и ин-

вестициям Посольства Республики Польша в Астане. Основной целью визита польской делегации является укрепление сотрудничества в области образования между высшими учебными заведениями Республики Казахстан и Республики Польша. В рамках встречи обсуждены перспективы расширения взаимодействия в сфере высшего образования.

Визит польской делегации состоялся в рамках Центрально-азиатского образовательного конгресса «Образование в развитии», проходившего с 21 по 23 октября на базе КазНУ. Польские гости посетили музей истории КазНУ и побывали на факультете журналистики.

Пресс-служба КазНУ

■ Акция

«Мұрагер» дал старт акции

Буквально на днях в Алматы в издательстве «Өнер» вышла в свет новая книга под названием «Мұрагер», принадлежащая перу Сериккали Байменше – журналиста, ученого, дипломата, переводчика, доктора филологических наук, члена Союза писателей Казахстана, лауреата премии Союза журналистов Казахстана, обладателя диплома Академии журналистики Казахстана «Алтын жұлдыз» («Золотая звезда»). Именно она и дала старт 18 октября акции «Выпускник КазНУ для научной библиотеки альма-матер».

Книга посвящена истории становления и деятельности казахских общественных организаций в Российской Федерации, и, в частности, 20-летию московского казахского общества «Мұрагер». Написанная в жанре документального эссе, книга воссоздает преемственную историю от московского студенческого общества «Жас тулпар» 60-х годов прошлого века, деятельность руководителей и многочисленных активистов «Мұрагер» в области культуры и спорта. Отметим только, что благодаря финансовой поддержке «Мұрагер», московское общество «Қазақ тілі» издает одноименную на казахском языке газету, функционирует сайт (www.kazakh-tili.ru), про-

водятся Дни казахского языка, официальные праздники Казахстана и другие культурные мероприятия для москвичей и гостей российской столицы.

Среди активистов разных лет можно встретить и выпускников КазНУ. Среди них академик НАН РК Кенесбай Мусаев, доктор юридических наук Баглан Майлыбаев, композитор Турсынай Оразбаева, кандидаты филологических наук Лейла Аскар и Улжан Мусабекова. Автор книги – первый секретарь Посольства Республики Казахстан в Российской Федерации Сериккали Байменше не только по долгу службы хорошо знаком с деятельностью национальных культурных обществ, но и сам также принимает активное участие в их мероприятиях.

Презентация книги «Мұрагер» состоится в Алматы 19 ноября 2010 года на международном «круглом столе» «Президент и зарубежные казахи», который пройдет под эгидой Всемирной Ассоциации казахов.

Выпускник КазНУ имени аль-Фараби, Сериккали Байменше также является автором книг «Бейтаныс Беймбет», «Майлының Беймбеті», «Бейімбеттің сөзстаны», «Елдің сүйген ерекжан», «Тағзым», «Зергердің зертханасы», «Сәт сағат» и др.

Соб.кorr.



Бұқаралық ақпарат құралдарын төртінші билік өкілдері дейміз. Осы орайда журналистика факультетінде даярланып жатқан болашақ мамандардың «төртінші билік» ұғымына сай болуы үшін, әрине мол тәжірибе мен терең білім студент кезден-ақ қажет. Аталмыш құнды қажеттілікті өтеу үшін 7 қазанда әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінің журналистика факультетінде «Хабар» оқу аудиториясының тұсауы кесілді.

Аудиторияның ашылуына «Хабар» Агенттігі» АҚ Бас продюсерінің орынбасары Арман Скабылұлы, «Хабар» Агенттігі» АҚ АФ креативті директоры Ержан Қазисұлы Сүлейменов, спорт комментаторы Амангелді Сейітханов және ҚазҰУ басшылығы мен журналистика факультетінің ұжымы қатысты. Журналистика факультетінде Марат Барманқұлов, Тауман Амандосов, Темірбек Қожакеев сияқты профессорлар атындағы аудиториялар бар. Жақында ғалым Серік Әбдірайымов атындағы оқу залының тұсауы кесілген еді. Бүгін міне, «Хабар» оқу аудиториясы ашылып отыр. Бұл аудиторияның ашылуы студенттердің теориялық білімдерімен қатар, көкейлерінде жүрген шығармашылық жоспарларын іс жүзіне асыруға бағытталған

■ Тұсаукесер

ҚазҰУ-да «Хабар» телеарнасының оқу аудиториясы ашылды

үлкен талпыныстардың бастамасы болып отыр. Осы орайда Арман Скабылұлы: «Біздің студенттік кезімізде тәжірибе жинақтауға деген жағдайлар көп емес еді. Біз тәжірибе кезінде бұқаралық ақпарат құралдарына микрофон ұстауды да менгермей баратын едік. Ал қазір жағдай мүлде өзгерген. Бүгінде төртінші билік мамандарын дайындау барысында жасалынып жатқан игі істер қуантады. Бұл аудитория студент шығармашылығын шыңдауға үлкен көмек болады», – деп атап өтіп, журналистика факультеті ұжымына «Хабар», «Ел арна» және «CospioNet» телеарналарындағы деректі бағдарламалардың электронды нұсқасын сыйға тарту етті. Ал спорт комментаторы Амангелді Сейітханов «Хабар» аудиториясының ашылуына қолдау болып отырған әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетіне алғыс айтып, студенттерге «сен маған журналистиканды көрсет, мен сенің мемлекетіңді айтайын» деген пікірді алға тартып, астарлы ұғымның кәдірін зерделеуге шақырды.

Тұсаукесер барысында «Хабар» Агенттігі» Акционерлік Қоғамы мен әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті арасындағы екіжақты әріптестік меморандумына қол қойылды.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

■ Шетелдік әріптестік

(Басы 1-бетте)

Халықаралық конгреске қатысушылардың құрамын және баяндамашылардың көтеріп отырған маңызды мәселелерін ескеретін болсақ, «Болашақтың ғылымы» атты халықаралық ғылым және білім конгресін осы уақытқа керек үлкен маңызы бар мәселе деп санаймын. Конгрестің негізгі мақсаты ғылымға серпін беру, жаңа ой тудырумен қатар халықаралық ғалымдармен үлкен жобалар жасауға себеп болу екендігін назарға алатын болсақ, бұл мақсаттар нәтижесін беруде" — деген пікірін жеткізді.

Ал Франция Республикасы Президентінің Франция мен Орталық Азия арасындағы саяси және экономикалық



керек. Бұл өте маңызды әрі ғылымды дамыту үшін өте пайдалы. Ғылымның мәселелерін ғалымдар бірігіп талқыласа, шешімін табады. Әсіресе жастарға әлемдік деңгейді тәжірибе алмасқан дұрыс. Әр мемлекеттің өзінің ғылымы бар, өзінің ерекшелігі бар. Олардың бәрін жинап қайсысы ұтымды соны пайдалану керек. Бүгінде Түркия мен Қазақстанның ғылым саласындағы байланысы жақсы, бірақ тағы да дамыту керек деп ойлаймын. Сонымен қатар ғылым саласын әлемдік деңгейде бір жүйеге көшу керек деп санаймын». Бұл Түркиядан келген профессор, Мимар Синан университетінің Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры Ахмет Тасағидің пікірі. Ал «Болашақтың ғылымы» атты халықаралық ғылым және білім конгресін ұйымдастырушы, ҚазҰУ-дың Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры Темірбеков: «Біз инновациялық жақсы жобалар бойынша өндіріс ұйымдастырып, өнім шығаруға талаптанып жатырмыз. Бүгін оларды көрмеге қойдық. 100-ден аса инновациялық жоба бар, университетте жасалатын қаржыландыратын жобалардың өзі 1 миллиард теңгеден асып отыр. Мұнда іргелі зерттеулер, қолданбалы зерттеулер бар, сосын жаңағы келісім-шарт негізінде жасалатын жұмыстар бар. Институттар бізде сүбелі еңбек жасап жатыр. Инновацияны дамыту және жаңа технологияларды дамыту бағытында мемлекеттік үлкен бағдарламалар жасалынып жатыр, ол бағдарламаға ҚазҰУ-дың инновациялық кластерін дамыту бағыты кірген. Ол бағытта ҚазҰУ-да физика, химия, нанотехно-

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ДӘНЕКЕРІ

қатынастарды дамыту жөніндегі арнайы өкілі Эмери де Монтескью Ферензака: "Бүгінде экономиканың дамуы жаңа технология мен жаңа білім орталықтарына байланысты. Сол себептен бұл конгресті Қазақстан білімі мен ғылымының дамуына инвестиция деп айтуға болады. Мен Сорбонна университетінде сабақ беремін. Байқағанымдай ол жерде қазақ студенттерінің саны көбейіп келеді. Бұл жақсы нәтиже. Қазақстандық студенттердің француздық ғалымдармен тығыз байланыста болуын қалаймын. Және Франциядағы университеттерден білім алуға, алмасып оқуға шақырамын. Мен қазақстандық профессорлармен араласу арқылы және сіздердің жоғары оқу орындарыңызбен танысу нәтижесінде Қазақстан білімі мен ғылымын жоғары бағалаймын. ҚазҰУ Қазақстан қоғамындағы саясаткерлер мен бірнеше сауатты мамандарды қалыптастырып отырған бірінші университет", — деген пікірін ортаға салды.

Әрине ғылымды ілгерілету инновацияға барынша үлес қоспақ. Хакім Абай да: «Ғылым таппай мақтанба» деп өсиет



қалдырды емес пе? Ендеше университеттердің Еуразиялық қауымдастығы аясында ел ғылымының мүмкіндігін арттыру үлкен жауапкершілікті қажет етпек. Екі күнге созылған конгрес осы жауапкершілікті нығырлай түсті. Осы орайда конгрес еліміздің жоғары оқу орында-

рына не береді деген сауалға Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ректоры Ерлан Бәтташұлы былай жауап қатты: «Бұл идеяның негізгі авторы еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Бұл тек қана экономикалық жағынан бір-бірімен еуразиялық ұлт,

үрдістердің, мәдениеттің ғана араласуы емес, экономиканың да араласуы. Оның ішінде негізі болып келетін ғылым, білім прогресі. Сондықтан да олардың бәрінің басын құрап отыратын жер ол университеттер. Университет — ғылымның орталығы, келешектің орталығы, мәдениеттің орталығы. Олай болатын болса,



еуразиялық үлкен қауымдастық құратын болсақ, оны жою осы төңіректе жинақтау арқылы іске асыру тиімді болады. Бүгінгі конгрестің аясы өте кең. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті осы қауымдастыққа енуді жоспарлауда. Ерекшелігі сонда. Сол баяндамашылармен тікелей қарым-қатынас орнату мақсатымен келген ойым бар», дейді. Ғылыми конгресте отандық ғалымдар мен алыс-жақыннан келген мамандар білім мен ғылым кеңістігіндегі көкейкесті мәселелерді көтеріп, оларды шешу жолдарын да ұсынды.

«Ғылымда шекара болмайды. Дүние жүзілік барлық мемлекеттердегі ғалымдар, студенттер өзара бірлесіп жиі-жиі конференция жасау

логия, ақпараттық жүйелер, биология, экология, т.б. салалар бойынша 16 бағдарлама жүзеге асырылмақ. Болашақта ғылымды экономикаға ендіру, бизнеспен бірге жасау жағын қарастырып отырмыз», — деген ойларын ортаға салды.

Әрине мамандардың пікірлері біршама жұмыстардың атқарылғандығын аңғартады, сонымен қатар бұл конгрес Университеттердің Еуразиялық қауымдастығы алдына жаңа жобалар мен бастамалар, инновациялық міндеттер қояды.

Екі күнге созылған халықаралық жиынның пленарлық отырысында ғалымдар конгрестің резолюциясын қабылдады.

■ *Құттықтаймыз!!!*

ҚазҰУ-дың Үздік оқытушылары

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми кеңесінің 25 мамырдағы шешімі бойынша университеттің 29 ұстазы ҚазҰУ-дың білімі мен ғылымының дамуына қосқан үлесі үшін "Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Үздік оқытушысы – 2010" атағымен марапатталған болатын. Осы орайда қуаныш иелерін ҚазҰУ-дың барша оқытушы-профессорлар құрамы атынан «Қазақ университеті» газетінің ұжымы құттықтай отырып, еңбектеріңізге табыс тілейді!!!



Жанғара ДӘДЕБАЕВ ф.ғ.д., профессор, әдеби шығармашылық және көркем аударма теориясы кафедрасының меңгерушісі




Пернехан ЕРМЕБАЕВ, т.ғ.к., әскери кафедраның профессоры



Баян ЖҰБАТОВА, ф.ғ.к., арабтану кафедрасының доценті



Ләззат ЕРКІНБАЕВА, з.ғ.д., профессор, табиғи ресурстық және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі



Қуанышбек МЕЙРЕМБЕКОВ, ф-м.ғ.к., геометрия, алгебра және математикалық логика кафедрасының доценті



Зухра ИСМАҒАМБЕТОВА, ф.ғ.д., мәдени антропология кафедрасының профессоры



Сандұғаш ҚОДАНОВА, ф-м.ғ.к., оптика және плазма физикасы кафедрасының доценті



Ғалия МӘДИЕВА, п.ғ.к., спорт және дене тәрбиесі кафедрасының доценті



Валентина МИРОНОВА, ф.ғ.к., орыс филологиясы кафедрасының доценті



Оразгүл МҰХАТОВА, т.ғ.д., деректану және тарихнама кафедрасының профессоры



■ Қыз қылығымен...

Жалпы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Ана тілі» аруы» байқауына іріктеу кезеңі өз жұмысын 21 қыркүйектен бастап кеткен болатын. ҚазҰУ-да білім алып жатқан мыңдаған аруларымыздың арасынан 700-ге жуық қыздарымыз іріктеу кезеңіне қатысты. Солардың 50-і 2-ші турға сүрінбей өтсе, ҚазҰУ-дың Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту жөніндегі департаменттің ұйымдастыруымен жүзеге асып отырған «Ана тілі» аруының ақтық сайысына 14 аруымыз бақ сынауға келді.

Бұл ақтық сайысқа дейін аруларымыз бірнеше асулардан асып, талай сын сағаттарда сыналған болатын. Мәселен, «Ана тілі» аруы байқауының алғашқы кезеңі «Ұлттық тағамдар жәрмеңкесіне» арналған болатын. «Ұлттық тағамдар жәрмеңкесінен» түскен қаржыны арулар қайырымды іске жұмсап, №1 балалар үйіне барып қайтты.

Бұдан кейін аруларымызды рухани демалыс орны Ф.Мүсірепов атындағы жас өспірімдер мен балалар театры «Түншыққан сезім» атты спектакльмен қарсы алды. Байқау барысында арулармен бірге өткен белестерді Студенттер сарайына жиналған көрермендер бейне көріністен тамашалады.

Ел болашағы, алдымен, болашақ ана болмысымен байланысты екендігін ескерсек, «Ана тілі» аруы байқауы арулардың бойына инабаттылық пен мәдениеттілікті, әдеп пен тәрбиені сіңіретін үлкен шара болмақ.

Сонымен, жанкүйерді толғанып, үміткерді толқытып байқау да басталды. Қолпаштай соғылған жанкүйер алақанының дауысынан сарай үшін мерекелік күй кернеп кетті.

Алғашқы құттықтау сөз әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Жаманбалаева Шолпан Ерболқызына берілді. Өзінің құттықтау сөзінде проректор:

— Құрметті көрермен қауым және байқауға қатысушы арулар! Адам тәрбиесінде, әсіресе, қыз бала тәрбиесі өте маңызды. Сонымен қатар бүгінгі «Ана тілі» байқауы» ұлттық салт-дәстүрімізді, мәдениетіміз бен ұлттық құндылықтарымызды насихаттаудың бір үлгісі десек болады, - деп атап өтті.

Таныстырудан кейін бойжеткендеріміздің өнерлерін бағалар әділ-қазылар таныстырылды. «Ана тілі» газеті бас редакторының 1-ші орынбасары, ақын, Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты Нұрперзент Домбай, «Зан» газетінің бас редакторы, ақын Бекжан Әшірбаев, ақын-сазгер, «Атамұра» баспасының жетекші қызметкері Серік Қалиев, әнші-сазгер, ҚазҰУ түлегі Роза Әлқожа, Бостандық ауданы «Нұр Отан» ХДП төрағасының бірінші орынбасары Әділ Төлегенов, Қазақ радиосының «Қайырлы таң, қазақ елі» таңғы бағдарламасының жүргізушісі, журналист Гүлнұр Омарханқызы, ҚазҰУ «Ана тілі» аруы — 2009» байқауының жеңімпазы Сандуғаш Қартаева және «Ана тілі» аруы байқауының ұйымдастырушысы — ҚазҰУ-дың Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту департаменті әділ-қазылар алқасының құрамын толықтырды.

Сайыстың алғашқы сәтінде «Ерке нұр» сән үйінің киім үлгісімен сахна төріне шыққан аруларымыз Қыз Жібек пен Баянды, Ендік пен Ақжүністі елестеткендей болды. Ұлттық киімдер мен әшекей бұйымдар аруларымызды хор кызындай үкілей түскен. Көздің жауын алған сұлулық «Пай-пай, қазақтың арулары-ай» дегізеді.

бозбалалар ерте заманның салсерілерін көз алдыға келтіріп, сыңғырлай шыққан күлкі мен домбыра асынған жарасымды жастар сахнаға көрік берді. Қыздарымыздың байқаудың таныстыру кезеңі қыз-жігіт айтысымен ұластырып, жөн сұрасуы өтті сәтті шықты.

Таныстырудан белгілі болғандай ақтық сынға журналистика факультетінің 1-курс студенті Ирина Тен, журналистика факультетінің 3-курс студенті Елдана Рахимова, физика факультетінің 1-курс студенті Әсем Шойбекова, география факультетінің 2-курс студенті Арай Тоян, химия факультетінің 1-курс студенті Меруерт Жақсығали, шығыстану факультетінің 2-курс студенті Толқын Мырзақимова,



филология факультетінің 1-курс студенті Әйгерім Әшірәлі, экономика және бизнес факультетінің 1-курс студенті Арайлым Нұрханова, заң факультетінің 3-курс студенті Ардақ Алтынбекова, биология факультетінің 1-курс магистранты Меруерт Донбаева, философия және саясаттану факультетінің 3-курс студенті Меруерт Шабден, механика және математика факультетінің 1-курс студенті Ақмарал Тубетова, халықаралық қатынастар факультетінің 1-курс студенті Инкәр Аманкелді, тарих факультетінің 2-курс студенті Әйгерім Баянова сияқты аруларымыз келген екен. Осылайша, таныстыру сәті де өтті.

Ендігі кезек ана тілдің керемет көркемдік ерекшелігін көрсететін поэзиялық композиция жасау бөліміне жетті.

«Баға берсек қазақ тілі қандай тіл? Ең шұрайлы, ең әдемі ең бай тіл! Заманың сан дауылын көрсетсе, Мәні тозбас, дәмі кетпес балдай тіл», — демекші бұл бөлімде

арулар ақындарымыздың ана тілі жайындағы толғауларын көркем шеберлікпен орындап, қазақ тілінің мәртебесін асқақтата түсті. Ана тілінің қасиетін ұлықтаған сайын аруларымызға деген көрермен ықыласы да қалыңдай түсті. Әрине, ана тілін бір серпілтіп, бір сілкініп тастады бойжеткендер. Ана тілін адам бойына ана сүтімен дариды дейміз. Ендеше болашақ аналарымыздың ана тілін жетік біліп, құрметтеуі ару болу үшін бірінші меңгерер қасиеті болу керек. Бұл тұрғыдан байқау онды бастаманы қолға алғанын пайымдадық.

«Сәмбі талдай сән қандай, сымбат қандай, Жұпар сеуіп, маңайды гүл жапқандай. Сырғасы мен шолтысы сыңғыр қағып

Уылжыған бойжеткен үн қатқандай», — деп жүргізушілеріміздің жариялауынан кейін аруларымыз ұсынған «Ерке нұр» сән үйінің әсем көйлектерін тамашаладық. Көздің жауын алған ұлттық киімдер

тапқырлығы мен білімі, әлеуеті сараланды. Бұл кезеңді ұтымды деп айтуымыздың себебі сұрақтар қазақ әдебиеті және тарихындағы әйел бейнесі мен қыздардың ерлігі саласында қойылған. Мәселен, бір аруымыз Томиристің, Ұланның бейнесін суреттесе, енді бірі Қыз Жібектің көркемдігін, енді бірі Ендіктің, енді бірі Баян сұлуның инабаттылығын баяндаса, тағы бір қатысушылар Домалақ ананың қайраткерлігін, Зере мен Ұланның, Мәншүк пен Әлияның ерлігін насихаттап, өздері де сол алдыңғы буынның қайсарлығы мен қазақ қызы деген атауын үлгі тұтатындықтарын жеткізіп жатты. Көркем әдебиет пен тарихтан, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрден, мәдениет пен әдептен аруларымыз кенде емес екендігін байқап, риза болыстық. Расымен де, «Ана тілдің» аруы атану тұнған инабат пен көркем мінез, алғырлық пен тапқырлықты қажет етеді.

Қазақ халқы индәләп өмірге келген сәбиін өнмен әлдилеп, жырмен жұбатып, өлеңмен өсіреді. Талбесігін тербетіп, бесік жырын айтады. Дана Абай: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денен», - дейді. Ендеше бұл байқау «Өнерім — өмірім» сайысын да назардан тыс қалдырмапты. Бұл сайыста әсем қыздарымыз тербетіле билеп, сызылта ән салды. Міне, «Ана тілі» аруы» байқауының қорытынды кезеңі осындай 5 айналымды қамтыды.

Ендігі кезекте нағыз қобалжытар сәт туды. Бір-бірінен оқ бойы озық тұрған сұлулардың ішінен аруды таңдау сәт келді. Әрине, әділдігін төрешілер шешеді. Арулар сайысына төрелік еткен қазылардың ұйғарымы бойынша, әрбір қатысушы ару арнайы аталымдармен марапатталды. Құттықтау сөз сөйлеген «Атамұра» баспасының жетекші қызметкері, ақын Серік Қалиев: «Бүгін біз ару қыздарымыздың көркем мінезіне, сұлулығына, ақылына көркі сай болмысына куә болдық. Әрі аруларымыз шетінен өнерлі әрі суретші, әрі спорт шебері әрі көркем сөз оқу шебері екендігін де дәлелдеді. Өте әсерлі кеш өтті», - деген ризашылығын жеткізді. Содан кейін байқауда бас жүлдені жеңіп алып, нәзіктігімен, қызға тән қылығымен, өжет алғырлығымен «Ана тілі» аруы атанған ару филология факультетінің 1-курс студенті Әйгерім Әшірәлі екендігін жариялады. Әйгерімге «Ана тілі» аруы» байқауының 2009 жылғы жеңімпазы Сандуғаш Қартаева ару тәжін кигізді. Көрерменнің де таңдауы сәйкес келіп, қошемет күші қалындай берді. Сонымен қатар жеңімпаз Әйгерім Әшірәліге «Нұр Отан» ХДП атынан түрлі түсті теледидар сыйға тартылды. Ал Меруерт Шабден мен Әйгерім Баяноваға Beautimaniya салонының сертификатты ұсынылып, «АРЛАН» дзюдо клубы Инкәр Аманкелді мен Елдана Рахимоваға клубтың шақыруын табыс етті. Сондай-ақ бұл сайысқа демеушілік танытқандардың бірі Ф.Мүсірепов атындағы Жас өспірімдер және балалар театры 14 аруға жұбымен бірге тамашалау үшін шақыру билетін және жеңімпаз аруға жұбымен театр қойылымын көруге бір апталық шақыру қағазын және «Атамұра» баспасы аруларымызға кітаптар сыйлады.

P.S. Байқаудан көрермен көтеріңкі көңіл күймен және «қазақтың қыздарына қайран қалам» деген қимастықпен тарасып жатты.

■ Спорт

ҚазҰУ-дың Спорт клубына – 60 жыл

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУдың спорт клубы 1934 жылы ҚазҰУ құрылған сәттен бастап университет ұжымының өміріне нық енді. 1948 жылы дене шынықтыру мен спорт кафедрасы ұйымдастырылды, ал 1950 жылы Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында алғашқы спорттық клубы құрылды. Сол жылы 150 студент пен университет қызметкерлері Іле Алатауындағы Комсомол шыңын бағындырып, 1951 жылы шыңдардың біріне ҚазГУ деп университеттің атын берді.



Спорт клубының ең алғашқы төрағасы болып Құрал Қаймерасов тағайындалды. Одан кейінгі жылдары спорт клубының төрағалары Ленский Аркадий Михайлович, Михайлов Юрий Сергеевич, Рожков Геннадий Дорфеевич, Маслов Александр Петрович, Кондратенко Николай, Сивков Виталий Григорьевич, Досмұхамбетов Темірхан Мынайдарұлы, Захаров Юрий Филиппович, Кудашов Николай Александрович, Мадиев Қасымжан Баянжанұлы, Дүйсембаев Талғат Ноғайбайұлы болды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Спорт клубында спорттың 14 түрі бойынша секциялар жұмыс істейді және жыл сайын факультетаралық спартакиада өткізіліп тұрады. Ең алғашқы спартакиада спорттың 3 түрі бойынша жүргізілді. Олар: волейбол, гимнастика және жеңіл атлетика. Кейіннен университеттің дене шынықтыру және спорт кафедрасы мен спорт клубында спартакиада дәстүрлі және негізгі спорттық іс-шараға айналды.

Университет қабырғасында Азия, Еуропа, Әлем чемпионаттарында және Олимпиада ойындарында Қазақстанның атын шығарған спортшылар дайындалып шығарылады. Университет түлектерінің арасында баскетболдан еңбегі сіңген спорт шебері, екі дүркін Олимпиада ойындарының жүлдегері Надежда Ольхова, дүние жүзіндегі ең биік шың Эверестті бағындырған, халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері Юрий Голодов пен Владимир Певцов, жүзуден халықаралық дәрежедегі

спорт шебері, Еуропа чемпионы Владимир Шестополов, велоспорттан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Еуропа чемпионы Виталий Толкачев, дзюдо күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Әлем чемпионының бірнеше дүркін чемпионы Абзал Ерғожаев, дзюдо күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Еуропа және Әлем чемпионы Маден Қалиев, самбо күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Еуропа, Әлем чемпионы Айтжан Шанғараев, көркем гимнастикадан еңбегі сіңген спорт шебері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, КСРО чемпионы Сәуле Барлыбаева, бокстан еңбегі сіңген спорт шебері, Олимпиада ойындарының чемпионы Ермачан Ибраимов, бокстан еңбегі сіңген спорт шебері, екі дүркін Әлем чемпионы, Олимпиада ойындарының бокстан, Әлем чемпиондарының

күміс жүлдегер Болат Жұмаділов, бокстан Әлем чемпионы Валентин Юнусов, Дархан Аширов, велоспорттан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Әлем чемпионы Евгений Корольков, шахматтан халықаралық гроссмейстерлер Евгений Владимиров және Болат Асанов, мылтық атудан спорт шеберлігінен көрсеткішті орындаған бірінші қазақ қызы Гуля Майлыбаевалар бар.

2004 жылы Афина қаласында өткен Олимпиада ойындарына университеттен 7 студент қатысты, олар: Житкеев Асхат (дзю-до). Оған еліміздің туын алып жүру сеніммен тапсырылды. Сонымен бірге Исхангалиев Елдос (дзю-до), Калиева Айман (дзю-до), Калиева Шолпан (дзю-до), Самунов Даниил – триатлон, Куватов Рустам – жеңіл атлетика, Хан Виталий – жүзу бойынша.

Университет спортының жақ-

сы дәстүрін қазіргі студенттер жалғастыруда. 2008 жылы Қытай елінде өткен Олимпиада ойындарына университеттен 8 студент қатысты. Асхат Житкеев дзюдо күресінен күміс алқаға ие болды. 2009 жылы Белград қаласында өткен универсиадада биология

факультетінің студенті Екатерина Евсева жеңіл атлетикадан күміс жүлдегері, ал заң факультетінің магистранты Гүлжан Исанова дзюдо күресінен қола жүлдегері болды. Міне, Спорт клубы 60 жылдық тарихта еліміздің спорт саласына осындай айтулы жетістіктер әкелді.

P.S.

2010 жылдың 30 қазанында ҚазҰУ спорт кешенінің 2-залында (ҚазҰУ спорт кешенінде) ҚазҰУ-дың ректоры Ғ.М.Мұтановтың және университеттің спортшы-түлектері мен студенттерінің қатысуымен Спорт клубының 60 жылдығына арналған спорттық мерекесінің және Ректор Кубогы факультетаралық Спартакиадасының салтанатты ашылуы өтеді. 2010 жылдың 18-қазан мен 6-қараша аралығында университеттің спорт алаңдарында мини-футболдан, волейболдан, үстел теннисінен, шахматтан және бадминтоннан (көркем гимнастика, каратэ-до, таэквондо, кикбоксинг, тайбокс) және университет студенттерінің қатысуымен (жалаушалармен көрсетілетін жаттығулар, пирамида құру + Сокольский гимнастикасы, ГТО элементтерімен би композициясы және т.б.) концерттік бағдарлама өтеді.

Жанна САБЫРБЕК, дене шынықтыру және спорт кафедрасының оқытушысы

■ **PETROBILIM™**

Команда КазҰУ – победитель международного конкурса PETROBILIM™

5 октября в Казахстане впервые стартовал международный конкурс PETROBILIM™ по практическому применению знаний в области нефтяного дела в рамках V Евразийского форума KAZENERGY «Энергетическая карта Евразии: баланс риска и новые возможности».

Конкурс организован компанией Human Capital Lead – официальным провайдером программного продукта PETROBILIM™. При помощи симуляционных игр и моделирующих методов команды должны были продемонстрировать, как нефть превращается в финансовый фонд страны – от разведки и разработки нового месторождения до реализации готовых нефтепродуктов на мировых рынках.

96 команд представителей различных высших школ Казахстана, России, США, Великобритании, Норвегии сошлись в одно время в разных точках

мира в конкурентной борьбе для определения лучших команд по следующим номинациям:

- лучшая инвестиционно-ориентированная команда;
- лучшая инновационная команда;
- лучшая точная команда;
- лучшая результативная команда.

Команда Казахского национального университета имени аль-Фараби «Eventus» стала победителем в номинации «Return on Innovation» – лучшая инновационная команда. В состав команды-победителя вошли студенты Высшей школы экономики и бизнеса - Калиева Айнура, Айтпишева Асемгуль, Байзакова Раушан, Бакытбекова Айлана, тренер команды – Жакеев Ермакбай.

Сектор карьеры
Департамента по
академическим вопросам
КазҰУ им. аль-Фараби

■ **Азиада – 2011**

Сұлтанмахмұт НОҒАЙҰЛЫ, 2011 жылғы 7-ші қысқы Азия ойындарының Алматы қаласы дирекциясының директоры:

7-қысқы Азия ойындарында ұлттық құндылықтарымыз барынша насихатталады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география факультетінде 2011 жылғы 7-қысқы Азия ойындарына дайындық барысы талқыланды. Оған «Нұр Отан» ХДП Алматы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Амангелді Кәрімұлы Каримуллин, 2011 жылғы 7-қысқы Азия ойындарының Алматы қаласы дирекциясының директоры Сұлтанмахмұт Ноғайұлы Шокбытов, Бостандық ауданы «Нұр Отан» ХДП төрағасының бірінші орынбасары Әділ Жаппарұлы Төлегенов, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мактағали Әбдімәжитұлы Бектемесов, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың дене тәрбиесі және спорт кафедрасының меңгерушісі Анатолий Иванович Арещенко және университет студенттері қатысты.

Кездесу барысында Амангелді Кәрімұлы еліміз қысқы Азия ойындарына дайын екендігін айтты. Сондай-ақ Шымбұлақ, Мелеу, Трамплин сияқты спорт кешендерінің толығымен жөндеуден өткендігін, алыс-жақын елдерден келетін меймандарға арналып қонақ үйлер дайындалып жатқандығын жеткізді.



Сонымен бірге шет тілдерін жетік білетін, Азия ойындары барысында шетелдік қонақтарға насихат жұмыстарын еркін жүргізе алатын жастарды ерікті түрде қызмет көрсетуге шақырды. Одан кейін өкілдер география факультеті студенттері тарапынан қысқы ойындар дайындығына байланысты қойылған сұрақтарға жауап қатты.

Әлемге спорттық бәсекемізді паш ететін жауапты кезең жайында 2011 жылғы 7-қысқы Азия ойындарының Алматы қаласы дирекциясының директоры Сұлтанмахмұт Ноғайұлы Шокбытов: «2011 жылғы 7-қысқы Азия



ойындарына дайындық жұмыстары жоғары деңгейде жүргізілуде. Оған қаламызда өткізіліп жатқан велошерулерді ерекше атап өтуге болады. Одан да басқа бірнеше мәдени іс-шаралар ұйымдастырылуда. Жалпы бұл ойынға 1500 спортшы қатысады деп жоспарлап отырмыз. Оған 30-ға жуық ел қонақ болып келеді. Бұл уақытта біз ұлттық құндылықтарымызды барынша насихаттап, жария етуді назарда ұстаймыз. Осы кезекте «Қазақ ауылы» атты жоба, «Кино көрмелер» сияқты біршама істер қолға алынып жатыр», – деп атап өтті. Кездесу барысында Бостандық ауданы «Нұр Отан» ХДП төрағасының бірінші орынбасары Әділ Жаппарұлы Төлегенов «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» жастар қанаты қатарына қабылданған жастарға күелік табыс етіп, осы уақытқа дейін қоғам өміріне белсене араласып жүрген партия белсенділерін бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Өз тілшімізден

■ **ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

■ **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор –
Жауапты хатшы –
Редакторлар –
Фототілші –

Дәрмен СМАЙЫЛ
Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,
Уәли ҚАДЫРОВ
Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

■ **МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Кредосс-Б» баспаханасында (Егізбаев 7^А көшесі) басылды. Тел.: 8 (727) 3-94-24-45

Бағасы келісім бойынша. Таралымы – 1000 дана. Көлемі 2 б. т. Индексі 65989. Тапсырыс №568

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.